

ӘОЖ 316. 77:371.212

## **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗАРА ЖАҒЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Сексенбаева Мереке Серікбайқызы**

[mereke.seksenbayeva@mail.ru](mailto:mereke.seksenbayeva@mail.ru)

**Амандық Аяулым Бауыржанқызы**

[aaulymamandyk5@gmail.com](mailto:aaulymamandyk5@gmail.com)

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Педагогика және психология Білім беру бағытының мамандығы бойынша 2 курс студенттері  
Ғылыми жетекшісі–п.ғ.к., профессор м.а. Албытова Назымгүл Пышақбайқызы

Жеткіншектер арасындағы өзара қарым-қатынас жасау, оларға тән табиғи құбылыс. Тілдесу арқылы олар өз ойын жеткізеді, бір-бірімен пікір алмасады, қарым-қатынас жасау арқылы бірін-бірі түсініп, мінез-құлқындағы ұнамды қасиеттерін қалыптастырады [1].

Жеткіншек – қоғамның болашағы, ол өз жаратылысын, қабілеті мен мүмкіндіктерін ең алдымен мектеп қабырғасында оқушылармен қарым-қатынас орнату кезінде дамытады. Осы жастағылардың басты белгісі оның мінез-құлқы, басқа оқушыларға, табиғатқа деген қарым-қатынасы, жеткіншектердің болмысы білім алуы, өзіндей оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі арқылы қалыптасады. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев жеткіншектердің отбасы мүшелерімен қарым-қатынасының, олардың мінез-құлқынан үлгі алатындығын және жеткіншек үшін мұның өте маңыздылығын көрсетеді.

Жеткіншектің жолдастарымен, құрдастарымен, сыныптастарымен қарым-қатынасы төменгі сыныптардағы балалардың қарым-қатынасынан гөрі күрделірек сан-салалы әрі мазмұндырақ. Жолдастарымен қарым-қатынас жеткіншек үшін ерекше құндылыққа ие болады, кей кезде жеткіншек кейбір сұрақтарды ата-анасына емес, достарына айтуға асығып тұратыны белгілі [2].

Жеткіншектердің бойынан бір жағынан, құрдастарымен қарым-қатынас, бірлесіп іс-әрекет жасауға, ұжымда өмір сүргісі келіп, жақын дос тауып алуға ұмтылу өте айқын көрінеді, екінші жағынан, жолдастарының арасында қабылданып, танылуға, олардың өздерін сыйлауына жетуге ұмтылу одан кем түспейді. Сыныптастарымен қарым-қатынастарындағы қолайсыздықтыр, жақын жолдасының, досының болмауы немесе достарының одан алыстап

кетуі жеткіншекті барынша күйзелтеді. Жеткіншек үшін ең қолайсыз жағдай- ұжымның, жолдастарының онымен қарым-қатынас жасағысы келмеуі. Өзінің жалғыздығын сезіну жеткіншек үшін ауыр жағдай. Сыныптастарымен қатынастарының қолайсыздығы оны өз мектебінен басқа жерден жолдас, дос іздеуге итермелейді. Жеткіншектің жолдастарының назарын өзіне аударуға, олардың ынтасын туғызып, жақсы көрінуге ұмтылуы түрліше болып келеді. Мәселен, олардың өз қасиеттерін тікелей көрсетуде ересектер қоятын талаптарды орындамау да болуы, сондай-ақ қикаңдап, сайқымазақтану, күлдіруге тырысқан іс-әрекеттер, өтірік-шыны аралас әр түрлі жайларды айту болуы мүмкін. Осындай іс-әрекеттерді жасау кезінде жанындағы досының оған деген көзқарасы өзгеруіде мүмкін. Жеткіншектердің құрдастары алдында танымал және сыйлы болсам деген қажеттілігі өте жоғары болады. Себебі әр бала өз жолдастарының пікірі мен бағаларына ерекше көзқараспен қарайды. Жолдастарының ескертулері, наразылықтары мен өкпелері жеткіншектің өз кемшіліктерін көріп білуіне көмектеседі. Жеткіншек жаста қарым-қатынас үшін өте маңызды ерекшелік - құрдастарының талаптарын есепке ала білу дамиды. Қарым-қатынас жақсы болу үшін бұл қажет нәрсе [3].

Жеткіншектердің өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыруда, оларға психологиялық қызмет көрсетуде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажет. Жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолдануға болады. Жеткіншектер оқу барысында, сыныптан тыс іс-шаралар жүргізгенде, көптеген оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен байланыста болып, қарым-қатынас жасайды. Сонымен қатар тәрбиелік мәні бар қосымша іс-шаралар ұйымдастыру арқылы да жеткіншектердің арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыруға болады. Жеткіншектің өзі оқитын сыныпта жолдастары, достары, бірге ойнайтын, бос уақытты бірге өткізетін құрбылары бар. Осы ортада қалыптасқан сыныптағы ұжымішілік қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу арқылы жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін жақсартуға болады.

Жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениетін зерттеу және жағымды қарым-қатынастарының қалыптастыру кезінде Я.Л. Коломинский [4], И.В. Дубровина [5], Ю.З. Гильбух [6], М.Р. Битянованың [7] еңбектеріне сүйенсе болады. Осы ғалымдардың ұсыныстарының негізінде мектеп тәжірибесінде жеткіншектердің өзара жағымды қарым-қатынастарын жақсарту жөнінде төмендегідей *сынып ұжымын зерттеу бағдарламасы* әзірленген:

1. Сынып ұжымы, топ туралы жалпы мағлұмат жинау (оқушылардың саны, оның ішінде қыз және ұл балалар саны, олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктері, сынып жетекшілерінің өзгеріп тұруы, мектептерін ауыстырғандары және оның себебі т.с.с.);

2. Сыныптағы балалардың ұйымшылдығы: өзін-өзі басқару деңгейі, сынып жұмысын, қоғамдық тапсырмаларды орындайтындығы;

3. Оқушылар ұжымының қоғамдық пайдалы еңбекке, өзіне-өзі қызмет етуге қатысуы, оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы, ондағы орны, орындайтын жұмыстардың түрлері, жалпы еңбекке деген көзқарасы, сыныпта тапсырмаларды бөлудің түрлері (белсенділер ғана орындайды ма немесе кезектесіп орындауға оқушылар тартылады ма);

4. Сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктері: балалардың ұйымшылдығы, сыныптың жетістіктері мен кемшіліктері, оқушылардың бірлесіп жұмыс жасағанды жақсы көруі, ер балалар мен қыз балалардың бір-біріне өзара көмегі және олардың ішкі негізі, сыныптың ортақ іске деген қызығушылығы, жеке оқушылардың сынып ұжымындағы эмоционалдық жағдайы [4;5;6;7].

Осы бағдарламаның негізінде жеткіншектердің жағымды қарым-қатынасын ауызбіршілікке бағыттай отыра жақсартуға болады. Әрине, мұндай жұмыстарды ұйымдастыру ең алдымен мектеп қабырғасындағы мұғалімдер мен мектеп психологтарына жүктеледі.

Ш.С.Мукушеваның зерттеулерінде оқу – тәрбие процесінде табиғи жағдайда жеткіншектердің өзара жағымды қарым-қатынастарын жақсарту үшін екі негізгі әдіс арқылы жүргізілетін жағдаяттар пайдаланылады:

1. Қарым-қатынас жаттығулары, сабақтар;
2. Психологиялық тренингтер.

Мукушева Шынар негізінде «Тиімді қарым-қатынас орнату» атты семинар-тренинг жұмыстың логикалық байланысын береді: [1].

*Тренингтің тақырыптары:*

1. Жеткіншектердің бойында өз бетімен әрекет ету дағдысын дамыту;
2. Жетілдірілген қарым-қатынас дағдыларын игеру;
3. Жаттығуға қатысушылардың вербальдық, вербальдық емес қарым-қатынас құралдар аумағын кеңейту;
4. Өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу;
5. Коммуникациялық дағдыны дамыту, қарым-қатынастың әр түрлі әдіс, тәсілдерін меңгеру;
6. Өзі туралы, өз құқығы мен міндеттері туралы ойларын дамыту.

*«Тиімді қарым-қатынас орнату» семинар-тренингін ұйымдастыруда әрі өткізу кезінде мынадай әдіс-тәсілдерді қарастыруға болады [1]:*

1. Түрлі ахуалдардағы ерекше жаттығуларға қатысу;
2. Көптеген жаңа тәжірибелік жұмыстар жүргізу;
3. Қарым-қатынас түрлерін үйрену;
4. Басқалардың сезімін қабылдау, тілек білдіру жаттығуларын орындау;
5. Жеткіншектердің өзара іс-әрекет жағдайларында, сезімдері мен қызығушылықтарын көрсетуді кіріктіру.

Тренинг сабақтың мазмұны жеткіншектердің қызығушылықтары мен проблемаларына ыңғайластырылып отырады. Жеткіншектерге ұсынылатын үлгілімінез-құлық түрлері, қарым-қатынас дағдылары өмірдегі барлық жағдайлар мен оқиғаларға, кез-келген жеткіншектің сұхбаттасуына қажетті қалыптасқан үлгі емес екендігін айта отыра, оларды көптеген тәжірибелерден өткен жеткіншектермен қолайлы қарым-қатынас орнатудың негізі ретінде қарастыруға болады. Бүгінгі таңда қарым-қатынастағы компетенттіліктің дамуы әлеуметтік-психологиялық тренинг аясында ойдағыдай шешілуде. Бұл әдістің ерекшелігі сонда, ол топтық сипатта болады, тіпті кіші зертханалық топтарда да өткізіледі.

Жалпы, психологиялық тренинг отбасылық қарым-қатынасты түзету тәжірибесінде, жеткіншектердің жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру кезінде қолданылады. Нақты және зертханалық эксперименттердің элементтерін өзіне біріктіре отыра, қарым-қатынас біліктілігінің саласында кең көлемдегі міндеттерді шешетін тренингтер психологиялық ықпал етудің тиімді құралы болып табылады. Тренингтің дәстүрлі оқытудан өзгешелігі – негізін қалаушы принциптердің болуы. Психолог осыны ұстануы қажет. Тренингтің дәстүрлі оқыту әдістерінен (лекция, семинар, көркем әдебиеттерді оқу т.б.) сапа жағынан айырмашылығы ұстанымдардың жүйелі түрде жүзеге асырылуы болып табылады [1].

*Тренинг кезінде жеткіншектердің өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастырудың ұстанымдары [1].*

- Теңдік жәнеынтымақтастық;
- Қатысушының әрқайсысының белсенді болуы қажет;
- Тренинг кезінде топтың жұмыс тәртібін, сондай-ақ жаттығулардың орындалу уақытын сақтау қажет;

Яғни, жеткіншек осындай тренингтер кезінде осы ұстанымдарды ұстанса, қасындағы досын сыйлай білсе, оны тыңдай білсе қарым-қатынастары жақсара түседі. Қарым-қатынас нәтижесінің ерекшелігі әркімнің қайталанбас даралығын сақтауда субъектілердің біріккен күштерімен тұтастыққа жету болып саналады, яғни топтық субъектілердің шығармашыл қарым-қатынасын қалыптастыру. Тренингтер жеткіншектің әлеуетін ашады, өзін-өзі құрметтеуіне ықпал етеді, өзінің және өзгенің даралығын бағалауға үйретеді [1].

Сонымен, жеткіншектердің жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру үшін көптеген қарым-қатынасты жақсартуға байланысты психологиялық тренингтер, сабақтар, жаттығулар өткізіп тұру қажет. Сонымен қатар, мектеп қабырғасында сабақтан тыс жеткіншектердің сыныптастарымен, достарымен бірге бос уақыттарын тиімді әрі қызықты етіп өтуін ұйымдастыра алу маңызды. Сонымен қатар, жеткіншектердің қарым-қатынас кезінде біріншіден, бірін-бірі сыйлау қажет екендігін, екіншіден, түсіністік, сүйіспеншілік секілді қасиеттердің бойларынан табылуы қажет екендігін ескертіпайтып отырған жөн.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мукуышева Ш.С. Жасөспірімдердің өзара қарым-қатынастағы проблемаларын шешуге үйрету мақаласы // Білімдегі жаңалықтар №2-2015
2. Даму психологиясы: Оқулық // М.К. Бапаева. – Алматы: 2014.– 440 бет.
3. Мелибурда Е.Я. Ты-Мы. Психологические возможности улучшения общения. М., 1986.
4. Коломинский Я.Л. Психология детского коллектива. Система личностных взаимоотношений. Минск, 1989.
5. Дубровина И.В. Настольная книга школьного психолога. М., 1996.
6. Гильбух Ю.З. Организация школьной психологической службы. М., 1982.
7. Битянова М.Р. Практическая психология. М., 1997.